

**«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК  
қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 31 қазан 2023 жыл

**Өткізілген орны:** гимназияның мәжіліс залы

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңес мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Мектептегі аз қамтылған отбасы оқушыларына бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы есеп.
2. Материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы.
3. Ағымдағы мәселелер

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1-ші мәселе бойынша**

**Тыңдалды: А.З.Кайржанова** - мектеп директоры аз қамтылған отбасы балаларына бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы есеп берді. Есепте оқушыларға оқу құралдары, киім-кешек және басқа да қажетті заттардың сатып алынғаны туралы айтылды. Қаражаттың жұмсалуды нақты тізім бойынша жүргізілгені және ата-аналардың қатысуымен бақылау жасалғаны баяндалды. Есеп бойынша 2023–2024 оқу жылының басында 10 аз қамтылған отбасы баласы тіркелген. Осы мақсатта жергілікті бюджет және демеушілік көмек есебінен жалпы 300 000 теңге көлемінде қаражат бөлінген.

Қаражат келесі бағыттар бойынша жұмсалды:

- оқу құралдарын (дәптер, қалам, сызғыш, бояу жиынтығы және т.б.) сатып алуға – 80 000 теңге;
- мектеп формасы мен аяқ киім алуға – 170 000 теңге;
- гигиеналық және жеке қажетті заттарға – 50 000 теңге.

Барлық сатып алынған заттар оқушыларға қолма-қол беріліп, тізім бойынша тіркелген. Қаражаттың жұмсалуды ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен бақылауда болғаны баяндалды.

**2-ші мәселе бойынша**

**Тыңдалды: И.Н. Кива** - шаруашылық меңгерушісі материалдық-техникалық базаны нығайту бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Атап айтқанда, оқу кабинеттерінің жөнделуі, парта, тақта, компьютер және оқу құрал-жабдықтарының жаңартылғаны туралы мәлімет берілді. 2023–2024 оқу жылының басына дейін гимназияда бірқатар жөндеу және жаңарту жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда:

- 3 оқу кабинеті мен акт залына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді;
- 2 сынып бөлмесіне жаңа парта мен орындықтар (жалпы – 30 жинақ) сатып алынды;
- 5 сыныпқа арналған интерактивті тақталар орнатылды;
- информатика кабинетіне 4 жаңа компьютер мен принтер алынды;
- көркем еңбек және бейнелеу өнері бөлмелері үшін оқу және көрнекі құрал-жабдықтар, материалдар жиынтығы толықтырылды;

мектеп дәліздеріне жарық шамдары ауыстырылып, қауіпсіздік мақсатында бейнебақылау жүйесі жаңартылды.

Барлық атқарылған жұмыстар демеушілік көмек пен мектеп бюджеті есебінен жүзеге асырылған. Қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі тарапынан орындалған жұмыстарға оң баға берілді.

**Сөз алды:**

**Жумахметова А. Т.** -қамқоршылық кеңес мүшесі, кәсіпкер ата-ана сөз алып, мектеп ұжымының және қамқоршылық кеңестің бірлескен жұмысына оң бағасын беріп, материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытындағы атқарылған іс-шаралардың тиімділігін атап өтті. Сонымен қатар, демеушілік көмекті арттыру, оқу кабинеттерін заманауи құралдармен жабдықтау және мектеп ауласын көркейту ісіне ата-аналар мен жергілікті кәсіпкерлердің белсенді қатысуы қажеттігін ұсынды.

### **ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. Аз қамтылған отбасы балаларына бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалғаны туралы есепті қанағаттанарлық деп тану.
2. Материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша жұмыстарды әрі қарай жалғастыру және демеушілерді тарту мәселесін қарастыру.
3. Келесі отырыста демеушілік көмек пен материалдық қолдаудың нәтижелері туралы қосымша есеп тыңдау.

**Төрайымы:**

 Кайржанова А.З.

**Хатшы:**

 Садыкова Л.М.

